ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 13 ақпан №5265-25-00-2/100 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Қонысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Мерген» атынан әрекет етуші Уксикбаев Даурен Сакенович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Мерген» атынан әрекет етуші Уксикбаев Даурен Сакенович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Мерген» атынан әрекет етуші Уксикбаев Даурен Сакеновичтен мемлекеттің кірісіне 2 220 (екі мың екі жүз жиырма) тенге өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою жайлы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз

Құжатқа қол қойылған: Қонысбаева Д. М., 11.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 20.03.2025, судья Қонысбаева Д. М., 26.03.2025
5265-25-3-1/49

беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін 1 (бір) ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Д.М.Қонысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 11.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 20.03.2025, судья Конысбаева Д. М., 26.03.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5265-25-3-1/49